

**нысан**

Табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосына немесе оның аумақтық органына ұсынылады

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Әкімшілік деректер нысаны [www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

**Көрсетілетін қызмет түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтерді бөлу туралы есеп**

Есепті кезең 20 \_\_\_\_ жыл

Әкімшілік деректер нысанының индексі: РУ-жылу-2

Кезеңділігі: жылдық

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру және (немесе) тарату бойынша қызметтер ұсынатын табиғи монополиялар субъектілері

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін

**Кәсіпорынның атауы**

р/с №	Негізгі құралдардың атауы	Жыл басына тартылған активтердің қалдық құны, барлығы, мың теңге	Тартылған активтерді қызмет түрлері бойынша бөлу				
			№ 1 реттеліп көрсетілетін қызмет		№ 2 реттеліп көрсетілетін қызмет		Өзге де қызмет
			1-қосымшадан бөлу коэффициенті	активтің құны, мың теңге, 3-бағ.*4-бағ.	1-қосымшадан бөлу коэффициенті	активтің құны, мың теңге, 3-бағ.*6-бағ.	
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Ғимараттар мен құрылыстар:						
1.1.	Тікелей тартылған *						
1.2.	Жалпы						
2.	Машиналар, жабдықтар және беру құрылғылары:						
2.1.	Тікелей тартылған *						
2.2.	Жалпы						

3.	Көлік құралдары:						
3.1.	Тікелей тартылған *						
3.2.	Жалпы						
4.	Шаруашылық мұкамал:						
4.1.	Тікелей тартылған *						
4.2.	Жалпы						
5.	Өзге де негізгі құралдар:						
5.1.	Тікелей тартылған *						
5.2.	Жалпы						
	Барлығы						
6.	Материалдық емес активтер						

**Ескертпе:**

\* тікелей тартылған активтер, яғни тек бір (нақты) көрсетілетін қызметті ұсынумен байланысты активтер бөлу коэффициенттері бойынша бөлінбейді және нақты көрсетілетін қызметке тікелей жатқызылады. Бұл ретте есепті толтыру кезінде тікелей тартылған активтердің құны осы кестенің тиісті 5, 7 не 9-бағандарына жазылады.

Басшы \_\_\_\_\_

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысанға  
қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша тартылған активтерді бөлу туралы есеп (индекс - РУ-жылу-2) кезеңділігі: жылдық)**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру және тарату қызметін ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі – субъект) тартылған активтерді қызмет түрлері бойынша бөлу есебін дайындауға арналған.

Субъектілер реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша кірістердің, шығындар мен тартылған активтердің бөлек есебін жүзеге асырады.

2. Барлық көрсеткіштер құндық мәнде ондық белгісіз мың теңгемен толтырылады.

3. Есепке субъектінің басшысы және бас бухгалтері қол қояды. Есеп уәкілетті органның ведомствосына электрондық және қағаз жеткізгіште ұсынылады.

#### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

4. Нысанды толтыру кезінде субъект сол жақ жоғарғы бұрышта кәсіпорынның атауын, ал оң жақ жоғарғы бұрышта уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің тиісті қосымшасын көрсетеді. Субъект мәліметтерді өткен күнтізбелік жылға толтырады.

5. Осы нысан активтердің құны алдыңғы қаржы жылының соңғы есепті күніндегі жағдай бойынша субъектінің негізгі құралдарының қалдық құны негізінде айқындалатын қызметтерге қолданысқа енгізілген активтердің құнын бөлу үшін толтырылады.

6. Негізгі құралдардың әрбір тобы үшін бөлу коэффициенті жалпы негізгі құралдарды не материалдық емес активтерді бөлу коэффициентінің тиісті есебінің жиынтық жолынан қызметтер түрлері бойынша тартылған активтерді бөлу туралы есепке ауыстырылады. Әрбір қызметке жатқызылған негізгі құралдар тобының активтерінің құны бөлу коэффициентіне тартылған активтер құнының туындысы ретінде анықталады.

7. 1-бағанда негізгі құралдардың атаулары бойынша реттік нөмірлері көрсетіледі.

8. 2-бағанда субъект ұсынатын қызметтердің түрлері бойынша негізгі құралдардың атауы туралы ақпарат көрсетіледі.

9. 3-бағанда жыл басындағы қолданысқа енгізілген активтердің қалдық құны туралы ақпарат көрсетіледі.

10. 4-бағанда осы Қағидаларға 1-қосымшада есептелген 1-реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша негізгі құралдар тобы бойынша бөлу коэффициенті туралы ақпарат көрсетіледі.

11. 5-бағанда 1-реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша активтің құны туралы ақпарат көрсетіледі (3-баған \* 4-баған).

12. 6-бағанда осы Қағидаларға 1-қосымшада есептелген 2-реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша негізгі құралдар тобы бойынша бөлу коэффициенті туралы ақпарат көрсетіледі.

13. 7-бағанда 2-реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша активтің құны туралы ақпарат көрсетіледі (3-баған \* 6-баған).

14. 8-бағанда осы Қағидаларға 1-қосымшада есептелген өзге де қызметтер бойынша негізгі құралдар тобы бойынша бөлу коэффициенті туралы ақпарат көрсетіледі.

15. 9-бағанда өзге қызметтер бойынша активтің құны туралы ақпарат көрсетіледі (3-баған \* 8-баған).